

2010 жылға арналған мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 маусымдағы № 531 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 216-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2010 жылға арналған мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 0 жы л ғ ы 7 ма у с ы м да ғ ы
№ 5 3 1 қа у л ы с ы м е н
бекітілген

2010 жылға арналған мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыздар қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.08.04 N 785 Қаулысымен.

Р/с №	Жобаның атауы	Жобаның жалпы құны (мың теңге)	Іске асыру кезеңі (жылдар)	Мемлекеттік кепілдіктің мөлшері (мың теңге)	Қарыз алушы
1	Қазақстан Ұлттық электр желісінің 500, 220 кВ кернеулі желілеріне жалғай отырып, 500/220 кВ «Алма» қосалқы станциясын салу	29 967 598	2009-2013	13 080 507	«Электр желілері басқару жөніндегі қазақстандық компания» акционерлік қоғамы
2	«Алматы қаласының электр көлігін дамыту» жобасын іске асыру	8 137 700	2009 - 2012	5 400 000	«Алматы электр көлігі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК